

Онлайн-БКМ пайдаланудың ерекшеліктері:

- Қазақстанның кез-келген жерінен тез қосылу;
- 72 сағаттың ішінде ФДО-мен байланыссыз офлайн жұмыс істеу;
- кез-келген құрылғыдан қосылу;
- қолма-қол ақша есебінің кітабын жүргізу қажет емес;
- касса бойынша тақырыптық салықтық тексерістің жоқтығы;
- 1С-пен интеграцияның мүмкіндігі;
- «ескі үлгідегі» БКМ қарағанда пломба қойылмайды.

БКМ қолданбағаны үшін Қазақстанда келесі мөлшерле айыппұл ретінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылған:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, жеке нотариус, жеке сот орындаушылары үшін - 15 АЕК (2020 жылға 39 765 теңге);
- орта кәсіпкерлік субъектілері үшін - 30 АЕК (2020 жылға 79 530 теңге);
- ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін - 50 АЕК (2020 жылға 132 550 теңге).

Сонымен, цифрлық экономика - бұл қоғамның экономикалық дамуының сапалы жаңа кезеңі. Қазіргі уақытта цифрландыру жалпы әлемдік тренд болып табылады және цифрлық сервистер барлық салаларда табысты енгізілуде. Берілген уақытта заманауи технологиялар мен электрондық коммерцияны қолданбай ғылыми-техникалық прогресті қалыптастыру қиын.

Әдебиеттер тізімі

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ// adilet.zan.kz
2. Play Market қосымшасы
3. Бақылау-касса машиналарын (БКМ) есепке қою және есептен шығару //egov.kz

Жаһандану жағдайында инвестициялық қызметті талдаудың дамуы

Е.Н. Сапарғалиев

Есеп және аудит мамандығының I курс магистранты

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы

Түйіндеме: мақалада жаһандану жағдайында инвестициялық қызметті талдаудың дамуы қарастырылған. Жаһандану рөлінің кең ауқымда пайдалана бастағандығына байланысты жаһандану мәселесі барлық әлемдегі ғылыми және ғылым маңайындағы іздестірудің құралына айналды. Жаһандану жағдайында инвестициялық қызмет қатысушыларының әрекет ету себебін айқындайтын негізгі спекторлардың негізгі орнын тікелей шетел инвестициялары алады, олар мемлекеттердің экономикалық даму механизмі мен көрсеткіштеріне әсер ететін инвестициялардың деңгейі мен нысанын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: инвестиция, жаһандану, талдау, капитал, стратегия, экспорт, бәсеке, импорт, табыс, корпорация.

Өткен және қазіргі заманғы ғасырға назар салатын болсақ, жаһандану әлем шаруашылығы дамуының бірден-бір мықты беталысы болып табылады. Бұл жағдайдың жоғары дәрежедегі беталысы көптеген ғылыми-зерттеушілік мақалалар, сондай-ақ әлемдік экономика мен халықаралық экономикалық қатынастар туралы көптеген оқулықтардың шығуына негіз болды. Жаһандану рөлінің кең ауқымда пайдалана бастағандығына байланысты жаһандану мәселесі барлық әлемдегі ғылыми және ғылым маңайындағы іздестірудің құралына айналды. Сонымен қатар, «экономиканы жаһандандыру» сияқты принциптік категориялардың мәні мен мазмұны, олардың пайда болуы мен даму келешектері, позитивтік және негативтік әсерлері, Қазақстан және басқа да мемлекеттер экономикасына әсері анық байқалады, сондай-ақ, экономиканы жаһандандырудың қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтары бір мағынада талданады деп айту қиын.

Жаһандану – бұл тек қана үрдіс емес, сондай-ақ әлемдік шаруашылықтың жағдайы, яғни қалыптасқан феномендердің бір-бірімен тығыз байланысы.

Жаһандану жағдайында инвестициялық қызмет қатысушыларының әрекет ету себебін айқындайтын негізгі спекторлардың негізгі орнын тікелей шетел инвестициялары (ТШИ) алады, олар мемлекеттердің экономикалық даму механизмі мен көрсеткіштеріне әсер ететін инвестициялардың деңгейі мен нысанын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған негізделе отырып, мемлекет ТШИ ағымдарын ынталандыру мен оларды қолдану тиімділігін арттыруға бағытталған стратегияларын жүзеге асыра алады. Ғалым-экономистердің пайымдауынша, экономикалық жетістіктердің факторы болып табылатын ТШИ-ды тартуда өз базаларын құру үшін, нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңіндегі мемлекеттегі саясаткерлерге халықаралық зерттеулермен таныс болу өте қажет, олар ұлттық инвестициялық стратегияларды өңдеу барысында теориялық бағытты қамтамасыз етеді.

ТШИ негізгі теорияларының эволюциясы мен олардың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне әсерін қарастырамыз:

1. Классикалық теория (XVIII ғасырдың аяғы - XIX ғасырдың басы): А. Смит көрсеткендей, ақшалай капиталдардың қатысуын шектеу жағдайында, ұлттық валюта курсы төмендеп, баға көтеріледі, немесе ақша көлемі (алтын және күміс) мемлекеттегі сұраныс көлемін арттырады. Бұл жағдайда ақшаның мемлекеттен шығарылуына ешкім кедергі жасай алмайды. Д.Рикардо бірінші рет кәсіпкерлік капитал мен еңбекті абсолюттік артықшылыққа ие мемлекеттерге орналастыру мүмкіншілігін қарастырды, сәйкесінше өндірістің төмен шығыны мен табыстың жоғарғы нормасы талқыланды. Дж.Ст. Миллюдин теориясына сәйкес табыс нормасының төмендеуіне әсер ететін капиталдың бөлігі ғана экспортталады; капиталды тарту мемлекеттің өндірістік мамандандыруын жақсартып, ішкі сауданың кеңеюіне әсер етеді; капитал халықаралық жоспарда мобильді болып табылады.

2. Неоклассикалық теория (XX ғасырдың 20-шы жылдары.): Э. Хекшер өндіріс факторларына бағынатын халықаралық теңестірілуін анықтайтын тенденцияны құрды. Б. Олинның пайымдауынша, капитал қозғалысы өнімділік төмен жерлерден басталып, өнімділіктің жоғарлауына байланысты қозғалысы арттырды. Р. Нуркс бойынша капиталды шығару пайыздық ставкалар деңгейінің төмендеуі мен тауарлық экспорт альтернативтер сапасының негізінде әрекет етуімен түсіндіріледі. К. Иверсен капиталдың халықаралық қозғалысын шынайы (әр түрлі, шектеуші факторлардың өнімділігі) және біркелкілік (төлемдік балансты қадағалаудың қажеттіліктері) деп бөлді.

3. Кейнсиандық теория: Дж.М. Кейнс мемлекеттің тауарлық экспорты импорттан асып, шетел инвестицияларының өсімі экспорттаушы мемлекеттің сауда балансының нақты сальдосын ұстап тұрған кезде ғана, мемлекет нағыз капитал экспортеріне айнала алатынын ескерген. Осыған байланысты өндіріс факторларын экспортқа бейімделген салалар пайдасына қайта бөлу қажет. Бұл үрдістің нәтижесінде экспорт арзандап, экспорт саласындағы капиталдардың тиімділігі жоғарлайды, сондай-ақ импорттық тауарларға сұранысты азайтады.

4. Неокейнсиандық теория (XX ғ. 30 жылдың аяғы мен 50 жылдың басы): Ф. Махлуп пайымдауынша, капитал экспорты отандық инвестицияларға әсер етеді деп санады, оларды шектеуі мүмкін деп санады. Капиталдарды импорттаушы мемлекеттерде инвестициялар өсімі ынталандырылады, ол өз ішінде ұлттық табысты пайдалану мен өсімін арттырады. Р. Харродтың пайымдауынша, егер мемлекетте жинақтау инвестициялардан асатын болса, онда экономикалық өсім қарқыны баяулайды, капиталды тартуға тенденция күшейеді. Е.Домар бойынша мемлекеттік шетел инвестицияларын көбейтіп, төлем балансының оңтайлы сальдосын қамтамасыз ету үшін пайыздық норманы қадағалау қажет.

5. Марксистік теория: К. Маркстың ойы бойынша (XIX ғ. 2-ші жартысы), капиталдың шетелге шығарылу себебі, орналасу барысында капитал жоғары табыс нормасын әкелуі мүмкін. В.И. Ленин капиталдың шығарылуын монополияның үстемдік ету жағдайымен байланысты кәсіпорын дамуының теңсіздігімен байланыстырды. Марксистік теория эволюциясының үрдісінде капиталдың шығарылу себебі ретінде өндіріс интернационалаудың өсімін, монополиялар арасындағы бәсекелестіктің артуы, экономикалық өсім қарқынының жоғарлауын қарастырады.

6. Халықаралық корпорациялар теориясы: «көлем экономикасы» теориясының негізгі идеясы (Кэмп), өндіріс көлемінің жоғарлауы барысында тауардың өзіндік құны төмендеуімен түсіндіріледі. Экономика көлемі – факторлар шығынының өсімі өндіріс өсіміне әкеліп соқтыратын өндірістің даму түрін айтады. Халықаралық корпорациялардың технологиялық теориясы (Дж. Гелбрейт) дамыған мемлекеттердің ірі компанияларының технологиялық артықшылығының пайда болуымен байланыстырады. Ірі корпорациялардың ғана заманауи өндірістерге капитал тартуға шамасы келеді; тек ірі корпорациялар ғана талап ететін біліктілікке сәйкес жұмыс күшін ұйымдастыра алады. Халықаралық ұйымдар теориясы ұлттық корпорациялардың белгілі бір нәтижеге қол жеткізгеннен кейінгі халықаралық ұйымдарға тартылу себептерін анықтайды. Орналастыру теориясы (Ж. фон

Тюнен, В. Лаунхардт, А. Вебер, Т. Паландер және т.б.) өндірістің орналасу орнын анықтайтын себептерін түсіндіреді. Транспорттық шығындар тасымалданатын тауарлардың нарықтық бағасын көтеріп қана қоймай, өндірістік объектілерді орналастыруға да өз әсерін тигізеді, бұл арақашықтық рөлін анықтайды. Жекеленген тауарлар нарығы белгілі бір географиялық аймақтарда орналасқан аумақ рөлін айқындайды.

7. Халықаралық корпорациялардың тұжырымдамалары негізіндегі ТШИ теориялары: «Тауарларды өндірудің халықаралық циклы» теориясы (Р. Вернон) халықаралық сауда мен ТШИ байланысының теориясын қарастырады, оның негізгі өзіне тән ерекшелігі маркетинг теориясымен (тауардың өмірлік циклы) бірге халықаралық экономикалық элементтерді (халықаралық сауда және өндірістің орналасу себептері) құрамдастыру болып табылады. «ТҰК және жетілмеген бәсекелестік» теориясының (С.Ж. Хаймер, Ч. Киндльбейгер) негізгі қорытындысы келесіде жатыр: Тікелей инвесторлар шетел мемлекеттерінің жергілікті компанияларына қарағанда монопольдік артықшылыққа ие болса, ТҰК-дың тікелей инвестициялар ағымы басқа мемлекеттерге бағытталады. «Олигополия және ТШИ» теориясы (Никкербоккер, Р. Вернон, Грэм,) олигополистік салаларда ұлттық бәсекелестер автоматты түрде нарық лидерінің соңынан әрекет ететінін анықтады. Бұл модель нарық жетекшілерінің бастапқы инвестициялық әрекетін анықтамаса да нарықтарға қатысатын корпорацияларды іріктеуде қатыса алады. Интернализация моделін құрушылардың (Р. Баккли, М. Кассон, Ругманн,) есептеуінше, халықаралық операциялардың маңызды бөлігі үлкен шаруашылық комплекс бөлімдерінің арасындағы ішкіфирмалық операциялар болып табылады, бұл операциялар ТҰК деп аталады.

«Мемлекеттің инвестициялық даму жолы» теориясы (Дж. Даннинг, Нарула, 1994 ж.) қай мемлекеттің болмасын импорты мен экспорты тікелей сол елдің экономикалық дамуына байланысты екенін тұжырымдайды, бұл теория әлемнің барлық мемлекетіне қатысты айтылған. Мемлекеттер инвестицияның реципиенті немесе салаларына байланысты ішкі инвесторлары бола алады, осы арқылы мемлекет инвестициялық дамудың қай фазасында екенін анықтай алады.

Жоғарыда айтылғандарды талқылай келе «Мемлекеттің инвестициялық даму жолы» теориясы негізінде келесідей қорытынды шығаруға болады, экономикалық теорияның классикалық мектебінің негізін қалаушы Адам Смит пен Давид Рикардо халықаралық сауданы интернационализация мен әлемдік экономика интеграциясының қозғаушы күші ретінде қарастырды. Халықаралық сауда ұлттың әл-ауқатын жоғарлататын күш ретінде саналды. XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап америкалық ТҰК-ның жоғары дәрежедегі халықаралық қызметі басталды, қызметтің негізгі түрі ретінде шетелге тікелей инвестицияларды тарту болып табылды, бұл өз ішінде ғалымдарды осы қызметтің экономикалық мәні мен олардың қозғалыс себептерін анықтайтын теорияларды қалыптастыруға итермеледі.

Осыған байланысты, 60-70 жылдары батыс экономикалық саясатында тікелей шетел инвестицияларын анықтайтын, халықаралық капитал қозғалысын зерттейтін жаңа теориялық бағыттардың пайда болуына алып келді.

«Мемлекеттің инвестициялық даму жолы» теориясы шығарылатын капитал тек қана өз өндірістерін ресурстармен қамтамасыз ету үшін ғана емес, ең алдымен қолда бар технологиялық, басқарушылық, ақпараттық артықшылықтарды қолдана отырып қосымша табысты алуды сипаттайды, бұл жағдай тек қана табыс алушы мемлекеттерде ғана жүзеге асырылады.

Шет ел инвестициясын талдау және басқару жүйесіне сараптама жасай отырып, мынандай ерекшеліктерді анықтап алуға болады:

-инвестициялық капиталдың өндірістік қызметке бір жағынан өзара кірігуі, (банктердің фирмаларды өндірістік басқаруынан), екінші жағынан, кәсіпорындық бірлестіктердің жеке кредиттік фирмаларының кеңейтуі мен құрылауынан ;

-инвестициялық капиталды тікелей басқару үрдісінде, кәсіпорынды біріктірудегі айырықша технологиялық қажеттілікпен интеграция модельдерінде) біріктіру формалары, президенттік және өкілеттілік фирма сияқты әр түрлі формадағы қатысушылардың жеке қатысуына негізделген;

-ғылыми-техникалық үрдіс көбірек концентрацияны талап етеді және инвестициялық капиталдарды орталықтандыруды талап етеді, сондықтан басқару институттарын дамыту мен оны нығайту ірі қаржылық институттардың шағын және орта қаржылық институттарды көбірек бірлестіру мен жұту арқылы жүргізіледі;

-инвестициялық үрдісті басқаруда бастапқы орынды мемлекет алады, ықпал ету жүргізіледі, негізінен квазимемлекеттік қаржылық институттар деп аталатын құрылым арқылы, осы елдің ұлттық саясатының стратегиялық мәселелерін талдау барысында мемлекетке басымдық беріледі, ол жалпы алғанда осы модельдерге жоғыра деңгейде дағдарысқа қарсылық көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Лахметкина Н.И., Макарова М.В. Инвестиции: Учеб.пособие – 2-е изд. перераб. и доп. – М.: КНОРУС, 2009, с. 7-9
2. Долан Э.Дж., Линдей Д.Е. Рынок: микроэкономическая модель. СПб., 2012- с. 131-132.
3. Ендовицкий Д.А. Инвестиционный анализ в реальном секторе экономики: Учеб. пособие / Под ред. Л.Т. Гиляровской. – М.: Финансы и статистика, 2013. – 352с.
4. Блинов А. О. Новые формы организации инновационной и инвестиционной политики на региональном уровне: зарубежный опыт // Федеративные отношения и региональная социально-экономическая политика. – 2012. – № 7. – с. 26.
5. Баймуратов У. Инвестиции и инновации: нелинейный синтез. – Алматы: БИС, 2005. – 320 с.
6. Ахметов С.Н., Алимбаев А.А., Притворова Т.П. и др. Карагандинская область в суверенном Казахстане: устойчивое развитие и смена техно-экономических основ конкурентоспособности / отв. ред. А.А. Алимбаев. – Караганда: ФормаПлюс, 2011. – 384 с.

The concept, essence and tools of strategic accounting in commercial organizations

D.A.Sitenko¹, A.B.Akhmetova²

¹PhD in economics, associate professor, professor of the "Accounting and Audit" Chair

²Master student of group MUA-63 (eng)
daesha@list.ruworld_model@inbox.ru

^{1,2}Academician Ye. A. Buketov Karaganda State University

Summary. In this article, the main theoretical features of strategic accounting are studied, the features of this concept are considered, and they also familiarized themselves with the scope of application, as well as with situations in which this type of accounting is best applied. Basically, many organizations rely on strategic accounting methods, which are one of the sections of management accounting. This type of accounting and provides all the necessary information to managers of the enterprise about possible scenarios of the organization, taking into account the expected implemented operations for innovative development, i.e. assessment of the forecast value of the innovation potential, and information support of the leadership in the field of strategic decisions regarding the innovative development of the enterprise. At the moment, the question of introducing a strategic approach to management accounting, which represents the highest level of the accounting and analytical system of the enterprise, is becoming particularly relevant. The development of the forecasting function of management accounting involves the formation of a system for collecting, grouping, and processing data on the company's revenues and expenditures in the context of individual business segments, projects, and activities. This requires the identification of new cost accounting facilities and strategic responsibility centers, restructuring of the enterprise management system, the choice of strategic accounting methods, the use of tools such as strategic budgeting, a system of targeted balance indicators, etc.

Keywords: strategic accounting, strategic information, planning, enterprise structure, costs, non-financial indicators, accounting methods.

The management process involves the timely receipt by the manager of reliable information for making optimal decisions. The formation and provision of such information is the main task of strategic management accounting, the emergence and development of which is associated precisely with the needs of management.

Strategic management accounting is a field of knowledge at the junction of accounting and management, necessary for everyone who is engaged in business activities. The manager is responsible for achieving the goals set by the administration or the founders of the company. The results of the manager's activities depend a lot on the information that he used to plan, control and regulate the enterprise's activities, as well as make various decisions for its development.

If for many years the accountant had to identify the facts of economic life with the corresponding correspondence set by the chart of accounts, now he is required to be able to provide information that is useful for making economically feasible decisions. Focusing on international financial reporting standards (IFRS) requires a reporting obligation mainly to current and potential investors.

Thus, the strengthening of the role of long-term planning led to the separation of management accounting into operational (traditional) and strategic.